

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Конституциясы дін бостандығына кепілдік береді, бірақ Қазақстан үкіметінің ережелері оның заң арқылы қорғалуын шектейді.

Осы есеп-баяндамада қамтылған уақыт барысында үкіметтің дін бостандығын құрметтеуі тұрақты күйінде болды. Бұның алдындағы мерзіммен салыстырғанда үкіметтің «дәстүрлі емес діни бірлестіктерді» сынға алуы азайды. Діни іс-әрекетті реттейтін заң-ережелерде өзгеріс болған жоқ. Еспте қамтылған кезеңде Конституциялық кеңес дін бостандығын шектейтін күші бар конституциялық емес заңдарды жүзеге асырды. Үкіметтің қазіргі заң-ережелері кейбір тіркелмеген бірлестіктердің жағдайын қиындатты, өйткені заң бойынша миссионерлер мен діни ұйымдарға міндетті түрде тіркелу талабы қойылған. Діни қоғамдастықтардың көпшілігі негізінен кедергісіз діни ғибадат еткенімен, жергілікті әкімшілік қызметкерлері кейде кейбір дәстүрлі емес діни бірлестіктердің іс-әрекетін шектеуге тырысты.

Қоғамда адамдардың діни ұстанымына, нанымына немесе іс-әрекетіне қарап қорлау туралы хабарламалар болмады. Ислам, орыс православиесі, римдік католицизм және иудаизм дін басылары қоғамның өздерін өте жақсы қолдайтынын хабарлады. Баспасөзде евангелиялық христиандар мен сайентологтарды қоса алғанда, кейбір шағын діни бірлестіктердің жағымсыз жағынан, әсіресе дін туралы заң-ережелердің талқылауда болған кезде, сөзге қалуы орын алды.

АҚШ үкіметі Қазақстан үкіметімен дін бостандығына қатысты мәселелерді адам құқықтарын қолдау жөніндегі жалпы саясаты аясында талқылады. АҚШ елшісі мен өзге ресми өкілдер барлық деңгейде Қазақстан үкіметін дін туралы заңға ұсынған өзгерістерін Конституцияда кепілдік берілген дін бостандығы мен мойнына алған халықаралық міндеттемесіне сәйкестендіру хақында жеке түрде және қоғамдық деңгейде пікір алмасты. АҚШ-тың лауазымды тұлғалары алаңдаушылық тудырып отырған нақты мәселелерді талқылау мақсатында ғибадат үйлеріне барып, дін басыларымен кездесіп, Қазақстан үкімет өкілдерімен жұмыс істеді. АҚШ елшілігінің қызметкерлері алуан түрлі діни бірлестіктер және дін бостандығын қорғаушылармен байланысын үзбеді.

I Бөлім. Діни демография

Қазақстанның жер көлемі 1 052 540 шаршы мильді құрайды, ал халық саны 2009 жылы жүргізілген халық санағының алғашқы мәліметіне сай 16.4 миллион адам. Қазақстан халқы этникалық жағынан көп тектес және онда әртүрлі діндер кездеседі. Бұрынғы көшпенділік пен Кеңес заманында қалыптасқан тұрмыс-

салттың ішінара ықпалынан кейбір азаматтар өздерін ешқандай дінге жатқызбайды. Жүргізілген сауалнамалардың көрсетуінше, халықтың діни сенімі және діни ғибадат ету рәсімдеріне қатысу деңгейі төмен. Үкімет тіркелген конгрегациялар мен ұйымдардың саны жөнінде статистика жүргізеді, алайда әр бірлестіктің көлемі жөнінде мәлімет жоқ. Діни ұйымдардың мүшелері туралы соңғы толық және сенімді статистикалық мағлұмат 1999 жылы өткізілген халық санағына негізделген. 1999 жылдан бері тіркелген, құрамы жағынан шағын конгрегацияға жататын бірлестіктердің саны айтарлықтай өскенімен, Қазақстан үкіметі белгілі бір дінге сенушілердің үлес салмағы бірқалыпты қалып отыр деп санайды.

Халықтың шамамен 65 пайызы, немесе 10,5 миллион адам өзін мұсылман санайды. Халықтың 60 пайызын құрайтын этникалық қазақтар мен бірлесіп 10 пайыздан аз бөлігін құрайтын этникалық өзбектер, ұйғырлар мен татарлар бұрыннан Ханафи мектебінің сунниттеріне жатады. Халықтың 1 пайыздан кем бөлігі біріккен басқа исламдық топтарға шафид сунниттер (әдетте шешендер), шиіттер, суфистер және ахмадилер кіреді. Өздерін мұсылман деп танып, Ислам дінін ұстанатындардың басым көпшілігі елдің Өзбекстанмен шекаралас оңтүстігінде шоғырланған. Елде 2308-ге жуық мешіт тіркелген, олардың көбі Қазақстан үкіметімен байланысы тығыз ұлттық ұйым – Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасына (ҚМРБ) қарасты.

Халықтың шамамен үштен бір бөлігін құрайтын құрамы едәуір үлкен этникалық орыстар және саны жағынан шағын украиндар мен белорустар салт-дәстүрлері бойынша православиелік христиандар болып табылады. Тіркелген 265 орыс православиялық шіркеуі бар. Көптеген этникалық украиндар мен немістер римдік католик архиепископ епархиясының мүшесі ретінде халықтың бір пайызын құрайды. Этникалық немістер Қазақстан халқының 1,3 пайызға жуық бөлігіне жатады, олардың көпшілігі римдік католик немесе лютеран болып табылады. Үкімет елдің түкпір-түкпірінде 93 римдік католик шіркеуі мен оларға қарасты ұйымды тіркегенін хабарлады. Құрамының көп бөлігі этникалық украиндардан тұратын кішігірім грек католиктері қоғамдастығының тіркелген бес шіркеуі бар.

Мемлекеттік статистикалық мағлұматтарға сүйенсек, протестант христиандардың конгрегациялары сан жағынан орыс православиелік немесе римдік католик конгрегациялардан асып түседі. Дей тұра, протестант дінін ұстанатындардың саны көп болуы мүмкін емес. Қазақстан үкіметі осы есеп-баяндамада қамтылған жыл ішінде 543 ғибадат ету орны бар 1018 протестант христиан ұйымы тіркелгенін мәлімдеді.

Елде баптистік екі ұйым жұмыс істейді: шамамен 10 000 мүшесі мен 227

тіркелген бірлестігі бар евангелиялық христиандар мен баптистер («Баптистер одағы») және 1 000-ға жуық сенушісі бар евангелиялық христиандар мен баптистер шіркеулерінің Кеңесі («Шіркеулер кеңесі»). «Шіркеулер кеңесі» тіркелмейміз деген ұстанымына сәйкес тіркелмейді.

Конгрегациялары едәуір үлкен өзге христиан топтарына пресвитериандар, лютерандар, пентекосталдар, сондай-ақ, йегова куәгерлері мен жетінші күн адвентистері жатады. Кішігірім методистер, меннониттер және мормондар қоғамдастықтары да тіркелген.

Халықтың бір пайыздан кем бөлігін құрайтын еврейлер қоғамдастығының Алматы, Астана, Өскемен және Павлодар қалаларында синагогалары бар.

Мемлекеттік статистикалық мәліметтер осы баяндамада қамтылған уақыт аралығында 43 дәстүрлі емес діни бірлестіктің тіркелгенін көрсетеді. Сондай топтардың қатарында бес буддист ұйымы, харе кришна қозғалысына қарасты 12 бірлестік, сонымен бірге, сайентология шіркеуі, бахаистер, христиан ғалымдары және унификация шіркеуі бар.

II Бөлім. Дін бостандығының жай-күйі

Дін бостандығының заңнамалық және саяси негіздері

Қазақстан Конституциясы дін бостандығына кепілдік береді. Ол мемлекетті зайырлы деп танып, азаматтарға діни ұстанымдардан бас тарту бостандығын береді.

Үкіметтің дін туралы заңы Конституцияда көрсетілген дін бостандығын заң тұрғысынан қорғау ісін шектеп, 2005 жылы заңға енгізілген өзгертулер тіркелу талабын күшейткен. Сол өзгертулер діни бірлестіктердің орталық үкіметте және конгрегациялары орын тепкен жергілікті облыстарда тіркелу талабын айқындайды. Діни ұйым ретінде тіркелу үшін бірлестіктің кемінде он мүшесі болып, Әділет министрлігіне өтініш тапсыруы тиіс. Дін туралы заңнама барлық адамдар өз дінін «жеке өзі немесе өзге адамдармен бірге» ұстануға ерікті дейді.

Үкімет діни ұйымдардың мүшелерінің саны талап етілген мөлшерден аз болған жағдайда немесе жарғылары мемлекеттік заңға қайшы келсе оларды тіркеуден бас тартуы ықтимал. Оған қоса, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңға сәйкес, діни топтарды қоса алғанда кез келген тіркелген ұйым Конституция және заң талаптарын орындамаса немесе тіркелген кезде қабылданған жарғы-қаулыларына қайшы келетін жүйелі шаралар жүргізсе, оның қызметі соттың шешімімен үш айдан алты айға дейін тоқтатылуы мүмкін. Полиция

қызметкерлері, прокурорлар және жекелеген азаматтар заң бұзушылық әрекеттерін түзеген немесе қайта-қайта заң бұзған ұйымдар үстінен сотқа шағымданып, олардың қызметін тоқтатуын талап етуге хақылы. Қызметі тоқтатылған ұйымдарға ұйым атынан баспасөз өкілдерімен сұхбаттасуға, кездесу мен жиын өткізуге, діни қызмет көрсетуге, жалақы төлеу сияқты міндеттемелерінен басқа қаржы операцияларын жүргізуге тыйым салынады.

Әкімшілік кодекстің 375-бабына сәйкес, билік органдары тіркелмеген топтардың қызметіне тыйым салып, олардың жетекшілеріне айыппұл салуға хақылы. Ал «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңға 2005 жылдың шілде айында енгізілген өзгертулер нәтижесінде Әкімшілік кодекске қосылған 374-1-бапқа сәйкес салынатын айыппұл 375-баптағыға қарағанда әлдеқайда ауыр. Тіркелмеген діни ұйымды басқаруға салынатын айыппұл көлемі 973 АҚШ долларын (116 800 теңге) құраса, тіркелмеген діни ұйым жұмысына атсалысқан азаматтарға 487 АҚШ доллары (58 400 теңге) көлемінде айыппұл салынады. Жергілікті билік органдары тіркелмеген діни ұйымға салынар айыппұл көлемін анықтауда 375-бап пен 374-1-баптың қайсысын пайдалануды өз еріктерімен таңдады.

Әділет министрлігі жанындағы Діни істер жөніндегі комитет (ДІК) діни бірлестіктер мен үкімет арасындағы дәнекер қызметін атқарады. Сонымен қатар, ол діни ұйымдарды тіркеуде Әділет министрлігі жанындағы кеңесші орган болып табылады. ДІК, сондай-ақ, дін мәселелері бойынша сотта сарапшы айғақтарын беріп, құқық қорғау органдарының тергеу арысында ұйымдардан алған діни материалдарын сараптайды және құқық қорғау органдарымен бірлесіп тіркеу талаптарының орындалуын бақылайды.

Үкімет өкілдері осы есеп-баяндамада қамтылған мерзім ішінде саяси және діни экстремизмнің елге таралу мүмкіндігіне алаңдаушылықтарың жиі білдіріп отырды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) елдегі діни экстремизмге қарсы күресті ішкі барлау қызметінің ең бір маңызды жұмысы деп есептейді. Діни және басқа ұйымдарға қатысы бар «Экстремизмге қарсы күрес туралы» 2005 жылғы заңға сәйкес үкіметтің қандай да бір ұйымды экстремистік топ деп анықтап, топ мүшелерінің іс-әрекеттеріне тыйым салып, ұйымға мүшелікті қылмыстық әрекет деп тануға ауқымды құзіреті бар. «Хизб-ут-Таһрир» (ХТ) саяси қозғалысы экстремизмге қарсы заңға сай тыйым салынған жалғыз ұйым болып қала берді. ХТ – зайырлы үкіметтерді құлату керек дейтін анти-семиттік және Батысқа қарсы ұстанымы бар әлеуметтік-діни идеологиядан демеу алып отырған экстремистік саяси қозғалыс. Басқа ешқандай саяси емес ұйым экстремистік бағыттағы бірлестік ретінде қоғамнан аласталған жоқ.

Үкімет орыс православиесінің Рождествосы мен Құрбан айтты ұлттық мейрам ретінде атап өтеді.

Сайлау туралы заң этникалық, жыныстық немесе діни сенімдерге негізделген саяси партия құруға тыйым салады. Қылмыстық кодекс этнос аралық немесе дінаралық жеккөрушілікті таратуға тыйым салады; осы заң талабы бір мәрте асыра түсіндіріліп, «діни білім беру» деген ұғымға да қолданылды.

Бас мүфти жетекшілік ететін Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) елдегі ислам дініне, сонымен қатар, мешіт салу және жас имамдарды емтихан мен тексерістен өткізу ісіне айтарлықтай ықпал етеді. Басқарма қажылыққа бару ісін үйлестіріп, туристік агенттіктерге азаматтарға қажылық сапар қызметін көрсетуге өкілеттілік береді. Дін бостандығын бақылаушылар ҚМДБ-ның кейбір кезде дәстүрлі дінді кепілдендіру мақсатында басқармаға қосылмаған имамдар мен конгрегацияларды аталмыш басқармаға қосыл деп қысым көрсеткенін мәлімдеді. ҚМДБ-ның ықпалы мен қысымына қарамастан, басқармаға бірікпеген кейбір мешіттер мен мұсылман қоғамдастықтары ресми тіркелді.

Жергілікті және шетелдік миссионерлер жыл сайын Әділет министрлігінде тіркеліп, діни ұйымдарға мүшелігі, миссионерлік қызмет ету аймағы мен мерзімін хабарлап отыруы тиіс. Миссионерлік әрекет жүргізуге қажетті әдебиеттер мен басқа материалдар тіркеу өтінішімен бірге тапсырылуы қажет; тіркеу кезінде көрсетілмеген материалдарды қолдану заңсыз болып саналады. Бұған қоса, діни уағыздаушы тұлға өзіне қаржылай қолдау көрсететін ұйымның тіркелгені жөнінде ресми құжат пен сол ұйымның атынан жұмыс істеуге рұқсат қағазын көрсетуі тиіс. Әділет министрлігі заңға қайшы әрекеттермен айналысатын миссионерлерді тіркемеуге хақылы. Ондай заңның қатарында этносаралық немесе дінаралық өшпенділік тудыруға тыйым салатын заңдар да бар. Шетелдік миссионерлер елге келген өзге азаматтар сияқты көші-қон полициясында тіркеліп, сапарларының мақсатын көрсетулері тиіс. Конституцияның талабы бойынша, шетелдік діни бірлестіктер өз қызметін (оның ішінде діни ұйым басыларын тағайындау да бар) тиісті мемлекеттік басқармалармен келісе отырып атқарулары қажет. Шетелдіктер заң бойынша діни ұйым құрып, оны тіркеуге хақылы, алайда үкімет сол ұйымның негізін салушы он адамның көпшілігі Қазақстан азаматы болуын талап етеді.

Қазақстан үкіметі мемлекеттік мектептерде дінді оқытуға рұқсат бермейді. Үйден білім алуға тек нақты жағдайларда ғана рұқсат етіледі және оған діни себептер жатпайды. Ата-аналар балаларын ресми түрде тіркелген ұйымдар жүргізетін қосымша дін сабақтарына қатыстыра алады.

Дін туралы ұлттық заңға сәйкес, діни дәріс баланың жалпы дамуына немесе жаны мен тәнінің саулығына зиян келтірмеуі керек. Заңда бұл зиян мөлшері қалай өлшенетіні немесе мұндай тұжырымды қандай агенттік шығаратыны айқындалмаған. Білім беру лицензиясы туралы ережелер діни бірлестіктерге Білім министрлігінің рұқсатынсыз жастарға дәріс беруге тыйым салады. Ережеге сай, егер жарғысында діни дәріс беру көзделген діни ұйым Білім министрлігінен рұқсат алмаса, оның Әділет министрлігінде тіркеу туралы өтініші орындалмайды.

Қазақстан үкіметі тіркеуден өткен діни ұйымдарды мүшелерінен ақша жинаудан және кейбір діни шаралардан түскен пайдаға салынатын салықтан босатады. Конгрегациялардан діни ғимараттарды өрттен қорғау секілді кейбір қызметтер үшін ақы төлеу талап етіледі. Үкімет діни ұйымдарға ғимараттар мен жер бөліп, жаңа мешіттер, синагогалар және орыс православиелік шіркеулерін салуға көмек берді.

Прокуратураның тиісті мемлекеттік органда тіркелген барлық ұйымдарды жылына бір рет тексеруге хақысы бар және мұндай тексерістер тұрақты түрде өткізіліп тұрды.

Азаматтық қоғам белсенділері мен діни топтар 2008 жылы 26 қарашада Парламенттің «Дін туралы» заңға енгізген өзгертулеріне кеңінен қарсылық білдіріп, оны дін бостандығына зор шектеулер қояды деп тапты. Оның нәтижесінде діни ұйымдарды тіркеу тәртібіне алғашқыдан да көп шектеулер қойылды; шағын топтарға топтан бөлек ғибадат пен білім беру жүргізуге, діни әдебиетті басып шығаруға, немесе халыққа ашық діни ғибадат жүргізу орындарын ұстауға тыйым салынды; жергілікті үкіметтің рұқсаты дінге байланысты ғимараттар салу үшін талап етілетін болды. Бұған қоса заң бұзушылық тіркелген кезде айппұлдың мөлшері айтарлықтай көбейді. Аталмыш заңға өзгертулер Президентке қол қою үшін жіберіліп, ары қарай Конституциялық кеңеске қосымша сараптамаға жіберілді. 2009 жылы 11 ақпанда Кеңес оның техникалық тұрғыдан Конституцияға қайшы келетінін мәлімдеп, кері қайтарды.

Үкіметтің 2007 жылғы 5 желтоқсанда мақұлдаған «2007-09 жылдарға арналған Дін бостандығына кепілдік беру және үкімет пен діндер арасындағы қарым-қатынасты жақсарту бағдарламасында» Қазақстан үкіметінің дін саласындағы іс-әрекет жоспары мен оны реттейтін нұсқаулар көрсетілген. Бағдарламада өзге мәселелермен қатар «діни жағдайдың тұрақтылығын арттыру» және сан алуан оқу-ағартушылық шаралар, ақпарат құралдарында үкіметтің демеуімен жазылған мақалалар мен бағдарламалар арқылы діни экстремизмнің алдын алу жоспары берілген. Сонымен бірге, бағдарламада белсенділігі артып жатқан

«дәстүрлі емес діни бірлестіктер» дінаралық шиеленісті болдырып, елдегі қоғамдық, мәдени және діни дәстүрді елемейді деп сыналды. Бағдарлама миссионерлерді және діни материалдарды тарату ісін бақылауды күшейтетін жаңа заңнама шығаруға шақырады.

2009 жылғы 14 сәуірде кеңес беру құзыреті бар Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия (АҚК) 2009-12 жылдарға арналған елдің бірінші «Адам құқықтарын қорғау іс-әрекет жоспарын» жария етті. АҚК-ның ұсыныстарының бірі Әділет министрлігінің үкіметтік емес ұйымдармен біріге отырып елдегі дін бостандығының жағдайы жайлы жыл сайынғы есеп шығару еді. Сонымен қатар ол 2011 жылға қарай елдің діни бостандықтарды реттейтін заңнамаларын өзгертіп, оларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді ұсынды. Елбасы іс-әрекет жоспарын 2009 жылы маусымда мақұлдады.

Үкімет өзінің діни төзімділік пен әралуандылықты қолдайтын ниеті бар екен ашық жариялауын жалғастырды.

Дін бостандығын шектеу

Саяси мақсаты жоқ бірде-бір діни ұйымға тыйым салынған жоқ.

«Хизб-ут-Тахрир» (ХТ) исламдық саяси қозғалысы экстремизмге қарсы заңға сәйкес тыйым салынған ұйым күйінде қалды. Діни идеологиялық негізі болса да ХТ негізінен саяси ұйым болғандықтан және өзге топтардың лаңкестік әрекеттерін айыптамайтындықтан, билік органдарының ХТ-ге шектеу қою және оның мүшелерін заңмен қудалау шаралары дін бостандығын шын мәнісінде шектеу болып табылмайды.

Діни қоғамдастықтардың көпшілігі үкіметте тіркелуді қалайды және түбінде сәтті тіркеліп алады, дей тұрғанмен, дәстүрлі емес діни топтар кейде тіркелудің ұзаққа созылатынын айтады. Үкімет әдетте діни ұйымдардың тіркеу туралы өтініштерін орындамауының немесе кешіктіруінің себебін олардың жарғыларының заң талаптарына қайшы келгендігімен түсіндіріп немесе жарғылардың дін мамандарына тексеруге жіберілу қажеттігін айтты.

Иегова куәгерлерінің республикалық орталығы өз бірлестіктерін ұлттық деңгейде Астана мен Алматыда тіркеген, және ақырында Атырау облысында тіркеуден өтті. 2009 жылы 26 қаңтарда Атырау қалалық соты жергілікті әкімшілік пен Әділет басқармасының жеті жыл бойы тіркемей келген әрекетін жоққа шығарып, бірлестіктің тіркелуге құқығы бар екенін айтып, шешім шығарды.

«Рақым» пресвитериан шіркеуінің Атырау облыстық бөлімшесінің тіркелуіне қайта-қайта кедергі жасалған, билік органы соңғы рет 2007 жылы оны тіркеуден бас тартқан. Сенімді ақпарат көзінің мәлімдеуінше шіркеу өзінің тәуелсіз ұйым ретінде тіркелу әрекеттеріннен бас тартып, аталмыш сенімді қолдайтын бұрын тіркелген қоғамдастыққа қосылуды жөн көріпті.

Діни бірлестіктердің көпшілігі негізінен үкіметтің араласуынсыз діни қызметін атқарады; дегенмен, жергілікті және аймақтық әкімшілік қызметкерлер кейбір кезде бірнеше бірлестіктердің, әсіресе евангелиялық христиандар, иегова куәгерлері, сайентологтар мен ҚМДБ-ға қосылмаған мұсылман ұйымдары секілді саны аз діни бірлестіктердің іс-әрекетін шектеуге немесе бақылауға тырысты. Баяндама мерзімінің ішінде үкімет тіркелмеген діни топтар туралы заң-ережелерді біркелкі қолданбады.

Шіркеулерінің кеңесі осы баяндамада қамтылған уақыт барысында елдің түкпір-түкпірінде тіркелмеген ұйымның шараларына қатысқаны үшін шіркеуге барушыларға қарсы бірнеше сот ісі жүргенін айтты. Баптист шіркеулерінің кеңесі бұрынғы Кеңес мемлекеттерінде тіркелуге талпынбау немесе тіркеуді мүлдем қабылдамау саясатын ұстанады. Осы шіркеудің мүшелері тіркелу процесінің жеке өмірлеріне қолсұғушылық сипатта екенін, яғни өздерінің ұлты, отбасы жағдайы, діни білімі, қызметі және саяси ұйымдарға қатысы туралы мағлұмат беруін талап еткенін айтты.

Кеңес өз пасторларының тіркелмеген діни ұйым жұмысына қатысқаны үшін айыппұл салынғанын және оны уақытында төлемегені үшін тұтқындалғанын бірнеше рет мәлімдеді. Барлық жағдайларда тұтқындау мерзімі кейінге қалдырылып немесе үш күннен аспады.

Былтырғы есеппен салыстырғанда Иегова куәгерлері өздерінің билікпен қарым-қатынастарының жақсарғанын мәлімдеді, бірақ кей кездерде рәсімдері мен өзге жиындарын өткізу талпыныстарына үкіметтің кедергі келтіргенін айтты. 2008 жылғы шілде мен тамызда аудандық соттың шешімімен Оңтүстік Қазақстандағы Иегова куәгерлерінің үш бөлімшесі әкімшілік кодекс ережелерін бұзды деген айппен жұмысын уақытша тоқтатты. Бір-бірінен бөлек үш жағдайда сот бөлімшелер «тіркелген мекен-жайынан тыс орында ғибадат етті» деген себеппен олардың жұмысын алты айға тоқтату туралы үкім шығарды. Иегова куәгерлері АҚК-на және Бас прокуратураға (БП) шағымданды. БП Иегова куәгерлерінің арызын қолдап сот шешімін ресми түрде жоққа шығарды, ол бөлімшелердің заң бұзбағанын көрсетті. 2008 жылы қарашада Оңтүстік Қазақстан облыстық соты төмен тұрған соттың шешімін жоққа шығарып, Иегова куәгерлерінің жұмысын жалғастыруына рұқсат берді.

Сайентологтар шіркеуі үкімет өкілдерінің бірнеше рет өз жұмыстарына кедергі келтіргендерін мәлімдеді. 2009 жылы 1 мамырда Алматыдағы өкілдік басшысы лицензиясыз коммерциялық қызмет атқарады деп ресми айыпталды. Баяндама қамтитын мерзімнің аяғына дейін сот отырысы белгіленген жоқ. 2009 жылы 16 ақпанда Қарағанды аймақтық экономикалық сот өзінің Қарағандылық бөлімшесіне заңсыз коммерциямен айналысады деп Сайентологтар шіркеуін жабуды ұйғарды. Сонымен қатар сот Сайентологтардың қасиетті кітаптарының діни материалдарға жатпайтыны және басқаларға зиян келтіре алатыны жайлы прокурордың шағымын қабылдады. Шіркеу қарсы шағым толтырып бұл іс аталмыш мерзімнің аяғына дейін өз шешімін тапқан жоқ.

Баспасөз мәліметтеріне сүйенетін болсақ, Павлодар қалалық әкімшілігі мен жергілікті бір мектептің басшылығы сенбі күндері сабаққа келмей жүрген 12 жасар қыздың үстінен шағымданып, Бас прокуратураға арыз береді. Қыздың отбасы «Жетінші күн Адвентистердің» тобына жатады екен, сондықтан олар мектеп басшыларына «біздің дініміз сенбі күні мектепке баруға тыйым салады» деген уәж айтқан. Есеп қамтитын мерзімнің аяғына дейін БП мектеп басшыларына өз жауабын берген жоқ.

ҰҚК-нің жергілікті өкілдерінің және полиция қызметкерлерінің осы баяндамада қамтылған уақыт аралығында жекеменшік үйлерде өткен діни жиналыстарға кедергі келтіргені туралы ақпараттар болды. Бірнеше топтар жергілікті құқық қорғау органдары қызметкерлерінің діни шараларына қатысқанын, бірақ жалпы алғанда олардың әрекеттері кедергі келтірмегенін хабарлады.

Заңда миссионерлік іс-әрекеттің анықтамасы көмескі берілген, ал жергілікті билік органдары елге келген шетелдіктердің кез келген діни іс-қимылын жиі «миссионерлік әрекет» деп бағалап, миссионер ретінде тіркелмегендерді елден қуған.

2009 жылы 27 қаңтарда Алматы әуежайының шекара қызметкерлері Алматыдағы Харе Кришна ұйымының басшысы - АҚШ азаматын елге кіргізбей, оны депортациялауға бұйрық берді. Депортациялау бұйырығы 2008 жылы мамырда болған Ақтобедегі оқиғамен байланысты, ол жерде ұйым басшылары өз қолдаушыларымен кездескен, ал полиция мұны заңсыз миссионерлік әрекет деп тапты. Харе Кришна ұйымының басшысы полиция алдына жауап беруге барудан бас тартты, сондықтан кейіннен Ақтобе басшылығы оған қарсы әкімшілік іс қозғап, бұл істі оның қатысуынсыз қарап, оны ел аумағына қайта кіру құқығынан айырып, депортациялауға үкім шығарды. 2009 жылғы наурызда Адам құқықтары жөніндегі кеңестің араласуынан кейін Бас прокуратура бұл тыйымның күшін жойып, ұйым басшысының Қазақстанға келу құқығын қайтарды.

2009 жылы 30 қаңтарда Иегова куәгерлері Иегова куәгерлерінің басқармасында істейтін АҚШ пен Канада азаматтарына қарсы жүргізілген істі қайта қарауды талап етіп, Бас прокуратураға шағымданды. Олардың екеуі де 2008 жылы мамырда тіркелместен миссионерлік әрекет жүргізіп, іскерлік визасының шарттарын бұзған себепті соттың үкімі бойынша елден қуылған. Бас прокуратура баяндама қамтыған мерзімнің аяғына дейін өз жауабын берген жоқ. Баспасөз хабарламаларына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысында баптист миссионерлер - Ресей мен Өзбекстанның 17 азаматы қамауға алынып, біразына айыппұл салынып, қалғаны заңсыз миссионерлік әрекеті үшін елден қуылуға жататыны туралы үкімет шықты.

Діни бірлестіктер ферма, мейрамхана немесе жетім балалар үйі сияқты заңды тұлға ретінде жұмыс істегенде билік органдары сол ұйымдарды денсаулық, тазалық сақтау және басқа да тиісті тексерістерден өткізіп тұрады. Билік органдары діни рәсімдер өтетін ғимараттардың қауіпсіздігін және өрттен қорғану талаптарына сәйкестігін де тексерді. Бұл тексерістер әкімшіліктерге тексеруден өткен ұйымдардың тіркелгендігі жайында қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді.

2008 жылдың соңғы алты айы ішінде «Дін туралы» заңға өзгертулер Парламенттің қарауында жатқанда кейбір бұқаралық ақпарат құралдары протестанттық христиандар, Иегова куәгерлері, сайентогтар мен Харе Кришна секілді дәстүрлі емес діни топтарды қоғамға зиянды, қауіпті секталар ретінде бейнелейтін мақалалар жариялап, телеарналар сюжеттер таратты. 2008 жылы 1 желтоқсанда Алматы заң академиясының президенті құқық қорғау органдарын секталарға қарсы «соғыс ашуға» шақырды. 2008 жылы 15 желтоқсанда республикалық «Литер» газеті басқан мақалада Исламдық Ахмади қозғалысының қолдаушылары «зомби» ретінде бейнеленіп, сайентологтар, ваххабистер мен Харе Кришна секілді көптеген секталардың «адам өмірін астаң-кестең ететін» қабілеті туралы жазылған. Бірнеше дін бостандығын жақтаушылар үкімет діни экстремизмнің қаупі туралы халықты хабарландыру бағдарламасы аясында және дін туралы заңға өзгертулер ұйымдастыруға негіз бола алатын осындай қаралау бағытындағы мақалалардың шығуын ұйымдастырды деп есептейді. «Заңға өзгертулер конституцияға қайшы келеді» деген Конституциялық соттың шығарған үкімінен соң мұндай мақалалар саны күрт азайды.

Алдыңғы есеп беру кезеңімен салыстырғанда Алматы түбіндегі Қарасай ауданының әкімшілігі Харе Кришна қозғалысымен арадағы олардың Алматы облысында пайдаланып жүрген жер теліміне қатысты даудың шешімін табуға қарай жылжыды. 2009 жылы наурызда жергілікті билік өкілдері кришнаиттерге ғибадатхана салуға Алматыға жақын маңнан жер телімін ұсынды, сонымен

қатар олар мал жаятын жерді де қарастыруға уәде берді. Баяндама қамтитын мерзімнің аяғына дейін келіссөз әлі жүріп жатты. Үкімет бұл даудың меншік дауы екенін дәлелдеп бақты және оның Харе Кришнаның діни байланыстарына қатысы жоқ екенін қайталай берді. Елде тіркелген өзге бірнеше Харе кришна қоғамдастықтары мұндай кедергілерсіз жұмыс істеді, бірақ олардың меншігінде жерлері жоқ.

Дін бостандығына нұқсан келтіру

2008 жылы 24 желтоқсанда ҰҚК-нің баспасөз қызметі 2008 жылы «Хизб-ут-Тахрирдің» 30 мүшесі тұтқындалып, жетеуі бас бостандығынан айырылды деген ақпарат таратты. 2009 жылы сәуірде «Хизб-ут-тахрирдің» тағы бес жақтаушысы «әлеуметтік, этносаралық, нәсілдік және діни араздық тудырғандары» үшін және «заңсыз ұйымдарға қатысқаны» үшін бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Сот отырыстары Алматы мен Талдықорғанда жабық түрде өтті. Сотталғандардың аты-жөні немесе оларға тағылған айыптар жайлы ресми ақпарат таратылған жоқ. Адам құқығын қорғаушылар жабық отырыстарды сынға алды.

Діни ұйым мүшелерінің өткен жылғыдай өз діндеріне қарату ісімен айналысқаны үшін ұзақ мерзімге тұтқынға алынғаны туралы мәлімдеме болған жоқ. Кейбір кездері билік органдары миссионер ретінде тіркелмей дінге қарату әрекеттерімен айналысқан жекелеген адамдарға қарсы шара қолданды, алайда, бұл шаралар діни әдебиеттерді тәркілеу, айыппұл салу, қысқа мерзімге қамауға алу және елден қуумен шектелді.

2009 жылы қаңтарда Алматыдағы аудандық сот Унификация шіркеуінің мүшесі, Ресей азаматшасы Елизавета Дреничеваны «азаматтарды руға бөліп кемсіткені» үшін айыптап, оны екі жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды. Бұл істі қозғауға Дренчиваның бірнеше діни лекциясы негіз болды, онда ол шіркеудің жаратылысқа, күнәнің негізіне, және қайта тірілуге қатысты көзқарасын жариялаған. 9 қаңтарда құзыретті органдар Дреничеваны тұтқындады. Прокурордың айтуынша Дреничева өз лекцияларында шіркеу мүшелері мен оған қатыспайтындарды бөліп, шіркеуге қатыспайтындар арасында кемістік сезімін туғызды. Адам құқықтарын қорғаушылар мен халықаралық бақылаушылар сот үкімін қатты сынап, оны ар-ұждан бостандығын бұзады деп бағалады. 10 наурызда Алматы қаласының апелляциялық соты Дреничеваға қарсы шығарылған екі жылға тұтқындау үкімін жоққа шығарды. Ол төмен дәрежедегі сот шығарған «Қазақстан азаматтары арасында кемсіту ойларын таратты» деген үкімді құптады, бірақ оған қатысты шығарылған бас бостандығынан айыру жазасын тым қатал деп тапты. Оның орнына Дреничеваға 1273 теңге (\$8) айыппұл салынды, бірақ сот үкімін күтіп

қамауда өткізген уақытын есепке алғаннан соң ол айыппұл төлеуден мүлдем босатылды.

БАҚ мәліметтері бойынша Оңтүстік Азиядан бастау алатын саяси емес исламдық миссионерлік «Таблиги жамағат» қозғалысының мүшелері Атырау және Жамбыл облыстарында заңсыз уағыз жүргізгені үшін тұтқынға алынды. «Таблиги жамағат» қозғалысы елде тіркелмеген.

2008 жылы 8 қазанда Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері Сайентология шіркеуінің Алматы, Медеу бөлімшелерінде және Алматы бөлімшесінің аудандық кеңсесінде және бірнеше шіркеу басшыларының үйлерінде тінту жүргізді. Олар компьютерлер, жеке файлдар мен кейіннен діни материалдар мен жабдықтарды тәркіледі. Құзыретті органдар шіркеудің діни тақырыптағы кітаптарды сату және өз беделін салық төлемеуге пайдалану арқылы заңсыз коммерциялық әрекетке қатысы бар деген ұйғарым жасады.

Үкімет берілген есеп-баяндамада қамтылған уақыт ішінде «Рақым» пресвитериан шіркеуінің басшыларының үстінен опасыздық қылмысын тергеп, полиция тексеріп, оларды қысқа мерзімге қамауға алды. Сонымен бірге, салық төлеуден жалтарғандары үшін олардың үстінен сот жүрді. ҰҚК қызметкерлері 2009 жылы 27 тамызда Рақым пресвитериан шіркеуінің Қарағанды қаласындағы бас кеңсесіне, Өскемендегі «Рақым» шіркеуіне және шіркеудің иелігіндегі бірнеше жекеменшік үйлерде күтпеген жерден тексеріс жүргізді. Бұл уақиға 2008 жылы қаңтарда бөлек конгрегация ретінде тіркелген Алматыдағы «Рақым» пресвитериан шіркеуінде болған тексерістен кейін орын алды. Үкімет тергеу ісі туралы аз ақпарат беріп, шіркеу қызметкерлеріне істі басқалармен талқылауға тыйым салды. Билік органдары ешбір шіркеу қызметкерін ресми қамауға алып немесе шіркеуді жапқан жоқ. Есеп беру мерзімінің аяғына дейін шіркеу басшыларының ешқайсысына опасыздық жасағаны үшін айып тағылған жоқ, бірақ дін бостандығын қорғаушылар жалғасып жатқан тергеудің ауқымын ескере отырып дабыл қағумен болды. Қарағандының жергілікті соты 2008 жылы мамыр айында «Рақым» пресвитериан шіркеуінің жетекшісі Игорь Кимнің зайыбы Арина Кимді қайырмалдық қаражаттарынан салық төлемеген деп тауып, айыптаушы үкім шығарды.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің 2007 жылы ақпан айында өткізген «Діни экстремизм» атты операциясының нәтижесінде сегіз пастор мен шіркеу басы тіркелу туралы ережелерін бұзғаны үшін тұтқындалып, қысқа мерзімге қамауға алынып, заңмен қудаланып, айыппұл төледі. Бұдан соң басқа айта қаларлықтай ерекше жайт орын алмады.

Жекелеген азаматтар Әкімшілік кодекстің 374-ші немесе 375-баптарын бұзғаны үшін кінәлі болып танылса, сот айыппұл салады. Шіркеулер кеңесінің мүшелері әдетте соттың тіркелмегендері үшін кескен айыппұлын төлеуден бас тартады.

Соттың пасторлардың жекеменшігіндегі үйлер мен ғибадат етуге пайдаланылатын үйлерді және өзге де мүлікті тартып алу арқылы айыппұлды төлеткізетіні жөнінде хабарламалар болды.

Өткен жылдағыдай жергілікті әкімшілік Харе Кришна қауымының үйлерін бұзған жоқ. Былтыр Алматы жанындағы Қарасай ауданының әкімшілігі Харе Кришна қозғалысының жерін тартып алу науқаны кезінде 2006 жылы қараша айы мен 2007 жылы маусым айында Харе Кришна ұйымына тиесілі 25 үйді күшпен бұзған болатын.

Елдегі діни тұтқындар немесе қамауға алынғандар жайында ешқандай мәлімдемелер болған жоқ.

Дінге күштеп қарату

Дінге күштеп қарату, кәмелетке толмаған АҚШ азаматтарын АҚШ-тан ұрлап әкету немесе заңсыз алып кету не болмаса сондай азаматтарды АҚШ-қа қайтарудан бас тарту туралы мәлімдемелер түскен жоқ.

Дін бостандығын қорғау жолындағы оңды істер мен жетістіктер

2009 жылы ақпанда Конституциялық кеңес дін туралы заңға ұсынылған өзгертулерді Конституцияға қайшы келеді деп тапты. Осы үкім шығардан бірнеше ай бұрын, жұртшылық бұл заңның шектеуші сипатына алаңдаушылық білдірген соң, үкімет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар мен адам құқықтары басқармасынан заңнамалық көмек алып, заңгерлердің кейбір ұсыныстарын заң мәтініне енгізді.

Баяндама қамтитын уақыт ішінде үкімет қосымша 107 діни топты тіркеуге алды. Дегенмен, кейбір ұйымдар тіркелуші статусынан айырылды. Атыраулық филиалы тіркеуге алынған соң Иегова куәгерлері барлық 14 облыста тіркеуден өтті.

Қазақстан үкіметі өз ішінде діни төзімділікті күшейтуге күш салды. Үкіметтік емес ұйымдардың құқық қорғау органдарына арнап, үкіметпен бірлесіп өткізген адам құқықтарына қатысты семинарлары азаматтардың заңды діни бостандықтарын да қамтыды.

III Бөлім. Дін бостандығын қоғамдық деңгейде қадірлеу жағдайы

Мемлекет көпұлтты және оның ұзақ жылға созылған ұлттаралық төзімділік пен зайырлылық дәстүрі бар. Тәуелсіздік алғалы бері шіркеулер мен мешіттердің

саны күрт көбейді. Дегенмен, халық кейбір кезде құрамы аз діни бірлестіктер мен дін тарататын топтарға әлі күдікпен қарайды. Азаматтардың осындай бірлестіктерге біріккен ағайын-туыстары туралы билік органдарына шағым жазғаны туралы бірнеше хабарламалар болды.

ХТ экстремистік саяси қозғалысының мүшелері басқа әрекеттеріне қоса, антисемитизмді қолдайтын үндеу қағаздарын басып-таратуын жалғастырды.

Ислам, орыс православиясы, римдік католицизм және иудаизм сияқты үкімет «дәстүрлі» деп санайтын төрт дін бірлестігінің басшылары қоғамның өздерін жалпы қоштайтынын және төзімділікпен қарайтынын хабарлады. Бірақ қоғам шағын діни топтарға әрдайым жылы қабақпен қараған жоқ. Бірақ баяндамада қамтылған уақыт барысында бұндай сенімсіздік зорлық-зомбылыққа әкеп соқты деген мәлімдемелер болған жоқ.

IV Бөлім. АҚШ үкіметінің саясаты

АҚШ үкіметі Қазақстан үкіметімен діни бостандыққа қатысты мәселелерді адам құқықтарын қолдау жөніндегі жалпы саясат аясында қарастырады. АҚШ ресми өкілдері экономика және қауіпсіздік саласындағы екіжақты ынтымақтастық адам құқықтарын және дін бостандығын қорғау ісінің ілгерілеуіне үлес қосатынын, бірақ оны алмастырмайтынын баса айтты.

Елші мен елшіліктің өзге ресми қызметкерлері, сонымен қатар Вашингтондағы Мемлекеттік департаменттің лауазымды өкілдері Қазақстан үкіметінің дін туралы заңға ұсынылған өзгерістер жобасы жария заңнамалық үдеріс арқылы қаралатынына және түбінде заңға енгізілетін өзгерістер мен түзетулер жекелеген адамдардың бейбіт түрде діни сенім-нанымын білдіру құқығын қорғау туралы мойнына алған халықаралық міндеттемесіне сай болуына кепілдік беру үшін Қазақстан үкіметімен ой-пікір алмасуын жалғастырды. Елші мен елшіліктің өзге қызметкерлері басқа елшіліктермен және адам құқықтарын қорғау ұйымдарымен бірлесе отырып, Қазақстан үкіметін заңнаманы Конституциялық кеңеске сараптамаға жіберуге итермеледі, ақырында ол Конституцияға қайшы деп танылды.

Елшілік пен АҚШ Мемлекеттік департаментінің өкілдері аландаушылық тудырып отырған нақты мәселелерді қарастыру мақсатында ғибадат үйлеріне барып, дінбасылармен кездесіп, Қазақстанның ресми тұлғаларымен бірлесіп жұмыс істеді.

АҚШ елшілігі сан алуан діни қоғамдастықтармен және дін бостандығын жақтаушылармен байланысын үзбей, олардың конституциялық және адам құқықтарына нұқсан келу оқиғаларын хабарлап отырды. Мемлекеттік

департамент өкілдері Қазақстан үкіметінің лауазымды тұлғаларымен және елдегі діни ұйымдардың мүшелерімен кездесті. АҚШ үкіметінің жоғары шенді қызметкерлері қазақстандық әріптестерімен кездесіп, дін бостандығы төңірегінде туындаған алаңдаушылықтары туралы сөз қозғады. Елшілік қызметкерлері тіркелу ісіне көмек көрсету мақсатында діни ұйымдарды ел ішіндегі заңнамалық ресурс көздерімен таныстырды.

АҚШ елшілігінің қызметкерлері діни қоғамдастықтарға қолдау көрсететін қоғамдық шараларға қатысып, діни бостандық пен төзімділік мәселесіне арналған қоғамдық дөңгелек үстелдер мен жарыссөздерге қатысты. АҚШ-тың елдегі және Вашингтондағы ресми өкілдері дін бостандығы мәселесімен шұғылданатын үкіметтік емес ұйымдармен жиі байланыста болды. Оның қатарына Алматы-Хельсинки комитеті, Қазақстан Діни ұйымдардың қоғамдастығы және Халықаралық адам құқықтары мен заңдылықты қорғау жөніндегі комитеттің Қазақстандағы бюросы да кіреді.

АҚШ елшілігінің «Демократияны қолдау» шағын гранттар бағдарламасы бойынша Шымкентте діни төзімділікті ілгерілетін жобаға қолдау көрсетілді.